

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

1 желтоқсан Тұңғыш президент күні

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.11.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/85999/>

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «1 желтоқсан-Тұңғыш президент күні»

Мақсаты:

Білімділік: Елбасымыздың туып, өскен жері, өмір жолы, қызмет еткен кезеңі туралы мағлұмат беру.

Дамытушылық: Балаларды қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруге жаттықтыру. Балалардың көркем сөз арқылы тілін жетілдіру.

Тәрбиелік : Балаларды Отанын, жерін сүюге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап, шаттық шеңбері, сергіту сәті, әңгімелеу, ойын ұйымдастыру, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекі құралдар: Елбасының және президент Қ.Ж. Тоқаевтың суреті, ту, елтаңбаның суреттері

Жеке жұмыс: Айназға, Шұғылаға, Ғаниға, Айзереге Елбасы туралы тақпақтар жаттату.

Оқу қызметінің барысы

I. Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері:

Отаным менің кең — байтақ,

Жайнаған сансыз қаласы,

Ел — Отан біздің кең — байтақ,

Отанның біздер баласы.

— Балалар, бүгінгі тақырыптық оқу қызметіміз қызықты өтпек, себебі бүгінгі оқу қызметімізді Тұңғыш президент күніне арнаймыз.

Оқу қызметімізді ән ұранмен бастаймыз.

II.Негізгі бөлім:

— Балалар, Отанымыз қалай аталады?

— Біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

Нұрсұлтан

-Елбасымыз кім?

— Н. Ә. Назарбаев Алматы облысында дүниеге келген. Мектепті жақсы оқыған, ұшқыш болуды армандаған. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев (6 шілде 1940 жыл, Шамалған ауылы, Алматы облысы)

-Балалар Н.Ә.Назарбаев-біздің бірінші президентіміз. Ал кәзір,біздің мемлекетімізді басқарып отырған президентіміз-Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

-Ендеше балалар елбасымызға арнап тақпақтар орындаймыз.

Айназ:

Елбасымыз жолдайды,
Халқы оны қолдайды,
Ешқашанда орынсыз
Шешімдері болмайды.

Шұғыла:

Елбасы елді қорғайды
Халық қамын ойлайды,
Осындай жақсы адамның,
Жақсылығы тарайды.

Айзере:

Тәуелсіздікті елге сыйлады,
Бейбітшілікті қалады,
Орындалып — арманы,
Халқымызда — ажарлы
Осының бәрі — әрине,
Елбасының - арқасы.

Сергіту сәті:

Ән: «Алға Қазақстан»

— Балалар,Қазақстан Республикасының рәміздері бар?

-Сендер қандай рәміздерді білесіңдер?

— Қазақстан Республикасының рәміздері: ту, елтаңба, әнұран.

— Балалар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының авторы: Ш. Ниязбеков атамыз .

-Тудың түсі қандай?

-Ортасында не бейнеленген?

-Тудың шетінде не бейнеленген?

-Балалар енді біздің Ғайнидің көк туымызға жаттағын өлең жолдарын тыңдайық.

Ғайни:

Көк аспандай көкпенбек

Қазақстан жалауы

Көк емес ол тектен-тек

Елдің ашық қабағы

— Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторы: Мәлібаев және Уәлиханов аталарымыз.

-Балалар, біздің Елтаңбамыздың пішіні қандай?

— Тәрбиеші: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранның әнін жазған Шәмші Қалдаяқов сөзін жазғандар: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев аталарымыз

Тәрбиеші: Балалар әнұранымыз қалай басталады?

— Жарайсыңдар, балалар

Егеменді ел болып, тәуелсіздіктің көк байрағын көтерген сәт — Қазақстанның әр азаматы үшін қуаныш, тарихтың үлкен бетбұрысы болғаны анық. Осының бәрі — еліміздің тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың арқасы!

Ойын: «Жалаушаны жалғастыр?»

Ойының шарты: ән айтып тұрады ән тоқтағанда кімнің қолында жалауша қалады сол мақал-мәтеле, тақпақ немесе Қазақстан Республикасының қалаларын айтып береді.

III.Қорытынды бөлім:

-Елбасымыз кім?

-Мемлекетімізді кәзір кім басқарып отыр?

-Қазақстан Республикасының қандай рәміздерін білесіңдер?

Оқу қызметке жақсы қатысқан балаларды мадақтап аяқтау.

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.